

**Мустафина Ж.Д.<sup>1</sup>, Борбасова Қ.М.<sup>2</sup>, Мәден А.Т.<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>PhD докторанты, e-mail: zhanar\_mustafina@list.ru

<sup>2</sup>ф.ғ.д., профессор, e-mail: karlygash\_bm@mail.ru

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>3</sup>т.ғ.к., доцент, e-mail: assylbek\_maden@mail.ru

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.

**ДІНИ РӘМІЗДЕР ЭВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ  
НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІ**

Мақала діни рәміздер эволюциясының негізгі үрдістерін қарастыруға арналған. Мақалада діни рәміздердің пайда болу, қалыптасу және даму кезеңдері көрсетіліп, олардың уақыт талабына сай өзгеріске ұшырауына ықпал еткен факторлар зерделенеді. Діни рәміздердің пайда болуы мен оның одан арғы эволюциясы тікелей діни сананың дамуымен байланысты екендігі бәрімізге белгілі. Зерттеулерге сүйенсек, діни сана екі деңгейде өмір сүреді және олар діннің даму кезеңдеріне сәйкес келеді. Алдымен, діни сана алғашқы қауымдық қоғам дәуірінде адамдардың табиғаттың тылсым күштері алдында дәрменсіздігі жағдайында діни образдар, түсініктер, сезімдер, ғұрыптар және т.б. түріндегі стихиялы көріністер ретіндегі қоғамдық психология деңгейінде пайда болса, одан кейін, алғашқы мемлекеттер пайда болып, қоғамдық қатынастар жүйесі қалыптасқан уақыттағы қоғамдық психология негізінде діни идеология, яғни діни түсініктер мен идеялар жүйесі ретінде пайда болды. Осыған сәйкес, діни рәміздер тарихи дәуірлердің ерекшеліктеріне, ол қоғамдарда халық бұқарасы ұстанған діннің сұраныстарына байланысты өзгеріп отырды. Сонымен, діни рәміздер эволюциясын және ондағы үрдістерді сараптай келе, діни рәміздер тарихи дәуірлердегі қоғамдық сананың сұраныстарына сәйкес өзгеріп отырды, оған мүдделі дін өкілдері де өз үлесін қосты деген қорытынды жасауға болады.

**Түйін сөздер:** дін, діни сана, миф, мифология, пред-символ, прасимвол, діни рәміз, рәмізделу, эволюция, трансформация.

Mustafina Zh.D.<sup>1</sup>, Borbassova K.M.<sup>2</sup>, Maden A.T.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD doctoral student, e-mail: zhanar\_mustafina@list.ru

<sup>2</sup>Professor, e-mail: karlygash\_bm@mail.ru

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>3</sup>Professor, e-mail: assylbek\_maden@mail.ru

Aktobe Regional State University K. Zhubanova, Kazakhstan, Aktobe

**The main trends in the evolution of religious symbols**

This article is devoted to the main trends in the evolution of religious symbols. The stages of emergence, formation and development of religious symbols, as well as factors contributing to their timely change are presented in this article. It is known that the appearance of religious symbols and their further evolution are directly related to the development of religious consciousness. According to the study, religious consciousness exists on two levels and corresponds to the stages of development of religion. First, religious consciousness originated in the primitive era at the level of social psychology, as a spontaneous expression in the form of religious images, ideas, feelings, traditions, etc. practical impotence of people before the domination of natural and social forces, then the system of religious ideologies, that is, religious ideas and ideas based on social psychology during the formation of a system of social relations. Religious symbols changed according to the peculiarities of historical eras, and depending on the requirements of the religious beliefs of society. Thus, by studying the evolution of religious symbols and tendencies in it, conclusions can be drawn: religious symbols changed in accordance with the needs

of the public consciousness in historical eras, and interested representatives of religious denominations contributed to this.

**Key words:** religion, religious consciousness, myth, mythology, pre-symbol, pre-symbol, religious symbol, symbolization, evolution, transformation.

Мустафина Ж.Д.<sup>1</sup>, Борбасова Қ.М.<sup>2</sup>, Мәден А.Т.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD докторант, e-mail: zhanar\_mustafina@list.ru

<sup>2</sup>Д.ф.н., профессор, e-mail: karlygash\_bm@mail.ru

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>3</sup>к.и.н., доцент, e-mail: assylbek\_maden@mail.ru

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Казахстан, г. Актюбе

### Основные тенденции эволюции религиозных символов

Данная статья посвящена основным тенденциям эволюции религиозных символов. В статье представлены этапы возникновения, формирования и развития религиозных символов, а также факторы, способствующие их своевременному изменению. Известно, что появление религиозных символов и их дальнейшая эволюция напрямую связаны с развитием религиозного сознания. Согласно исследованиям, религиозное сознание существует на двух уровнях и соответствует этапам развития религии. Во-первых, религиозное сознание зародилось в первобытную эпоху на уровне общественной психологии как стихийное выражение в форме религиозных образов, представлений, чувств, традиций и т.п. практического бессилия людей перед господством природных и социальных сил, затем системой религиозных идеологий, т. е. религиозных представлений и идей на основе общественной психологии во время формирования системы общественных отношений. Религиозные символы изменялись соответственно особенностям исторических эпох, и в зависимости от требований религиозных воззрений общества. Таким образом, изучая эволюцию религиозных символов и тенденций в ней можно сделать следующие выводы: религиозные символы изменялись в соответствии с потребностями общественного сознания в исторические эпохи, а так же этому способствовали заинтересованные представители религиозных конфессий.

**Ключевые слова:** религия, религиозное сознание, миф, мифология, пред-символ, прасимвол, религиозный символ, символизация, эволюция, трансформация.

### Кіріспе

Қазіргі жаһандану жағдайында элем халықтарының дінге деген қызығушылығы артып отыр. Адами құндылықтардың өзгеруіне байланысты дінге деген сұраныс күшейіп, діндарлық үрдісі белең алды. Осы үрдістер біздің елімізге де тән. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде еліміздегі дәстүрлі діндердегі діни сенім жүйелері де біршама өзгерістерге ұшырады. Бұл жылдары ислам, православиелік христиан дінінің өкілдері халықтың дінге деген сұранысын қанағаттандыру бағытында жұмыс істеп келді. Сол уақыттан бері біраз діни дәстүрлер мен жоралғылар қайта жаңғыртылып, оларды дұрыс ұстану жолы түсіндірілді. Елімізде Рамазан айы, Қадір түні, Құрбан айт, Мәуліт мерекесі, Рождество, Крещение, Пасха, т.б. діни мерекелерді тойлау дәстүрге айналып келеді. Аталған мейрамдар кезінде орындалатын діни рәсімдер мен жоралғылар халықтың санасына сіңуде, оларды ұстану тұрақты үрдіске айналды.

Дегенмен, өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап елімізде дәстүрлі емес діндер мен түрлі

деструктивті ағымдар да белсенділіктерін арттырып, дінге деген сұраныс кеңістігін толтыруға тырысып бағуда. Радикалды діни ағымдардың ұстанымдары ұлттық мүддеге қайшы келеді, олар дін мен жергілікті салт-дәстүрлерді соқтығыстыруға мүдделі. Жаңа діни жүйелермен бірге беймәлім идеялар, діни дәстүрлер мен жоралғылар, діни образдар мен символдар келіп жатыр. Олардың көпшілігінің шығу тарихы күмәнді, жасанды, қолдан жасалған. Бүгінгі біздің мақаламызға арқау болып отырған осы діни символдар болып отыр. Жалпы діннің өзі көп жағдайда діни рәміздер арқылы көрініс табады. Бір адамның қайсы бір дінге қатыстылығын оның тағынған діни атрибуттарынан, киген киім үлгілерінен, жасаған діни ритуалдары мен рәсім-жоралғыларынан және тағы басқалары арқылы көруге болады.

Діни рәміздерді зерттеудегі маңызды мәселелердің бірі – олардың тарихи эволюциясы болып табылады. Ежелден алғашқы діни наным-сенімдер негізінде қалыптаса бастаған діни рәміздер діни сананың сұранысына сәйкес бірнеше тарихи даму кезеңдерінен өтті.

Мәселенің өзектілігі осы діни рәміздердің ғасырларға созылған даму үрдістерін айқындап, уақыттың тезімен өзгерістерге ұшырауын талдау болып табылады. Рәміздердің көпмәнді сипаты мен әртүрлілігі және олардың көп ғасырлық өзіндік тарихында өзара әрекеттесу мен трансформациялануға қабілеттілігі біз қарастырып отырған мәселені күрделендіре түседі. Бұл ретте, түрлі мәдениеттердің өзара ықпалдастығын, тарихи дәуірлердің ауысуын да ескеру қажет. Өйткені, олардың ерекшелігі рәміздердің мазмұнына өзіндік із қалдырып отырды.

### Зерттеу жұмысының әдістері

Зерттеу нәтижелерін алу барысында ретроспективтік және компаративтік, құрылымдық-функционалдық әдістер қолданылды. Сонымен қатар, диалектикалық және салыстыру, жалпылау, ұқсату, жүйелеу, модельдеу, құрылымдау т.б. формальді логикалық операциялар, каузальділік пен тарихи-генетикалық тұрғы, типологиялық жүйелеу, феноменология, герменевтика, психоанализдік түсіндірмелер пайдаланылды.

### Дерек көздерге шолу

Рәмізді танып, білу көне замандардан бастау алады. Рәміз туралы алғашқы ойларды көне заман ойшылдары Аристотель, Платон, Пифагор, т.б. еңбектерінен кездестіруге болады. Кейінгі дәуірлерде рәміз тақырыбы философтардың, теологтардың, мәдениеттанушылардың, тарихшылардың, әлеуметтанушылардың зерттеулеріне арқау болды. Көне заман ойшылдарының рәміз туралы ойларын И. Кант, Шлегель, Шеллинг жалғастырса, символ мен символизация туралы идеялардың одан әрі дамуына Э. Кассирер өлшеусіз үлес қосты. Э. Кассирер бірінші болып рәмізді әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарастырып, оның тұтас философиялық концепциясын жасақтайды (Cassirer, 1955). Э. Кассирердің символ жөніндегі философиясын американдық философ С. Лангер дамыта түсті. Ол символизмге философияның басты тақырыбы ретінде қарады және адамзат білімі мен түсінігінің негізі деп есептеді. Лангер де Кассирер сияқты жануарлар әлеміне қарағанда адам баласының символды қолдануға қабілеттілігін көрді. Яғни хайуанның өмірі сезгіштікке негізделсе, адамзаттың сезімталдығы түсінікпен,

символмен және тілмен сипатталады (Langer, 1942).

Рәміз түсінігі К. Юнгтің аналитикалық психологиясында да маңызды орын алады. Ол рәмізді – «ұжымдық бейсаналықтың басты құрамы – архетиптердің көрініс беруінің негізгі тәсілі» ретінде қарастырса (Jung, 1959), француздық философ әрі мәдениеттанушы К. Леви-Строс тілді, неке ережесін, ғылым, дінді рәміздік жүйеге жатқызады (Леви-Строс, 1994). Ал Хайдеггер рәмізді онтологиялық қырынан түсіну үшін өнердің қайнар көздерін зерттеу қажеттілігін айтады (Хайдеггер, 1987). Осы ойды өрбіткен Гадамер рәміздің гностикалық функциясы мен метафизикалық негіздерін ұғынбайынша, рәмізді түсіну мүмкін еместігін алға тартады (Гадамер, 1991). М.Мамардашвили мен А.Пятигорский зерттеулері сана мен рәміздің өзара тұтас байланысын талдауға арналған. Сонымен қатар, М. Элиаде, Р. Генон, А. Голан, В. Тэрнер, К. Гиртц, С. Қондыбай және т.б. еңбектерінде мифтің рәміз ретіндегі теориялық және әдістемелік мәні айқындалады.

Кеңестік философиядағы рәміз мәселесі С. Аверинцев, В. Антонов, В. Мантатов, К. Свасьян, Н. Рубцов сынды ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты. Мәдени семантикалық тұрғыда В. Иванов, Ю. Лотман, А. Лосевтің философиялық еңбектерінде рәміздің мәні мен табиғатын ашатын көптеген философиялық мәселелер талқыланды [Рыскиева, 2017:6].

Қазіргі шетелдік теологиялық тарихнаманы саралау біз қарастырып отырған мәселенің кейбір тұстарының біршама зерттелгендігін көрсетеді. Оның ішінде рәміздер мен білгілерге, олардың құпия мән-мағынасына арналған Т.А. Кеннер және Джек Трессидердің, Курт Мориц Артур Голдаммердің діни рәміз бен иконографияның арақатынасына (Goldammer, 2016) арналған еңбектерін атап өтуге болады.

Отандық дінтану ғылымында біз қарастырып отырған діни рәміздің эволюциясы мәселесіне қатысты кешенді зерттеулер әзірге жүргізілмеген. Дегенмен, Ә. Нысанбаев, Ғ. Есім, Т. Ғабитов, Б. Сатершинов, М. Орынбеков, Д. Кенжетай, З. Мұташқызы, Н. Аюпов, Н. Байтенова, Ш. Рысбекова, А. Құрманалиева, Қ. Борбасова, Қ. Затов, Б. Бисенов, А. Рыскиева, И. Артемьев, А. Косиченко, Л. Сейтахметова, Н. Булова, т.б. зерттеулері жұмысымыздың теориялық-методологиялық негізін айқындауға септігін тигізді.

## Нәтиже және талқылау

Діни рәміздердің эволюциясын зерттеуде өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын екі ұстанымды басшылыққа алған жөн. Олар: құрылымдық және функционалдық. Құрылымдық ұстаным бойынша діни рәміздердің эволюциясы екі жолмен жүруі мүмкін: біріншіден, формасы өзгереді, ал мазмұны (мысалы, алуантүрлі астральдық (аспан денелерімен байланысты), солярлық (күнмен байланысты) және өсімдік символдары) өзгеріссіз қалады; екіншіден, мазмұны өзгереді де, формасы (крест, ромб, үшбұрыштың және т.б. геометриялық символдардың күрделі эволюциясын айтуға болады) сол күйінде қалады.

Бұл мәселені зерттеу көрсететіндей, форманың өзгерісі негізінен шіркеулік канондардың талабына байланысты, діни ілімдерді жаңғырту үдерісінде немесе рәміздердің бір діни жүйеден екіншісіне өтуі кезінде орын алады. Мәселен, христиан үштігі мәнінің символдары (көз – құдай-әке, агнец – құдай-бала, көгершін – қасиетті рух) уақыт өте антропоморфты көрініске ие болып, бастапқы түсініктерімен бір қатарда өмір сүріп келеді (Яковлев, 1977:72). Орта ғасырларда раушан гүлі Дева Мария символының формасы ретінде христиандықта лала гүлін ығыстырып шығарды (Мифы народов мира, 2000:55).

Бұдан басқа, қазіргі заманда шіркеу дағдарыстан шығып, жастар арасында өзінің ықпалын күшейту мақсатында діни өнерде, сәулет өнерінде және тағы басқаларда модернистік ағымдарды қолдап келеді. Бұл ретте діни рәміздердің сыртқы формаларының уақыт талабына және де қазіргі адамдардың эстетикалық таламдарына сәйкес жаңғыруы осындай рәміздер мазмұнының идеялық бағыттылығын сақтауға және олардың діни қызметін күшейтуге жұмыс жасауы тиіс. Негізінен эволюцияның екінші бағыты маңызды болып табылады, өйткені, рәміздің ерекшелігі оның мазмұнымен айқындалады. Яғни, символданатын мағынаны оның секуляризациялану бағыты бойынша қайта пайымдау рәміздің діннен қоғамдық сананың басқа формаларына көшуіне алып келеді.

Функционалдық ерекшеліктер тұрғысынан, символдар эволюциясының екі үрдісін бөліп көрсетуге болады: біріншіден, бір типтің шеңберінде, яғни діни жүйе аясында дамуы; екіншіден, бір типтен екінші типке ауысуы, яғни діни символдың секуляризациялануы. Дәл осы аталған екі үрдіс діни санадағы рәміздер дамуының заңдылығын түсіну жолында

маңызды болмақ. Осы екі басты проблемаға біз кеңірек тоқталуды жөн көріп отырмыз.

Діни рәміздердің пайда болуы мен оның одан әрі эволюциясы тікелей діни сананың дамуымен байланысты. Зерттеулерге қарасақ, діни сана екі деңгейде өмір сүреді, олар тумысынан діннің даму кезеңдеріне сәйкес келеді. Біріншіден, діни сана алғашқы қауымдық қоғам дәуірінде адамдардың табиғи және әлеуметтік күштер алдында дәрменсіздігі жағдайында діни образдар, түсініктер, сезімдер, ғұрыптар және т.б. түріндегі стихиялы көріністер ретінде қоғамдық психология деңгейінде пайда болды. Екіншіден, алғашқы мемлекеттер пайда болып, қоғамдық қатынастар жүйесі қалыптасқан уақытта қоғамдық психология негізінде діни идеология, яғни діни түсініктер мен идеялар жүйесі пайда болды. Оларды діндарлар, діни қызметкерлер, діни философтар нақты тарихи жағдайларға сәйкес мақсатты және саналы түрде дамытып отырды. Өз кезегінде діни идеология қоғамдық психологияның стихиялы қалыптасып жатқан өнімдерін қайта өңдейді және жүйелейді. Соның нәтижесінде діни сананың екі деңгейінің тұрақты түрде өзара әрекеттесуі мен өзара ықпалдастығы жүреді.

Біз білетіндей, діни үлгідегі рәміздер ежелгі дәуірде қоғамдық психология деңгейінде пайда болды. Оның түпкі формасы алғашқы қауымдық мифологиядағы символ (пред-символ) болып табылады. Оның кейінгі эволюциясы діни түсініктердің дамуына сәйкес келеді және осы түсініктер символдың мазмұнын құрады. Діни сана эволюциясының маңызды кезеңі ретінде анимистік образдардың антропоморфты бейнелермен ығыстырылуы, дүниенің табиғи және тылсым болып бөлінуі, «сакралды» («қасиетті») және «бұқаралық» («әдеттегі») ұғымдарының қарама қарсы қойылуы, политеизмнен монотеизмге өтуі, «көп құдайлардың барлық табиғи және қоғамдық атрибуттарының бір құдіретті құдайға ауысуы, оның өз кезегінде абстрактілі адамның бейнесі болып табылатындығы» саналады.

Негізінен, ру-тайпалық қатынастардың ыдырауы мен тайпа ішіндегі әлеуметтік жіктелудің тереңдеуі діни наным-сенімдердің айтарлықтай өзгерістерге ұшырауына әкелді. Бұл үдерістер діни сана эволюциясының маңызды кезеңі болды. Жоғарыда атап өтілгендей, политеизмнен монотеизмге, көп құдайлықтан бір құдайлыққа өту басталды. Бұл үдерістердің орын алуын көне өркениеттер болып табылатын Қытай, Мысыр, Үндістан, Қосөзен елдері сынды ежелгі

мемлекеттерді мекендеген халықтардың дін тарихынан көруге болады. Мысалы уақыт өте Қытайда – Тань, Мысырда – Ра, Үндістанда – Индра мен Шакра құдайлары басты құдайларға айналды.

Политеистік пантеонның басына, әдетте гегемон тайпаның құдайы орнықты. Осылайша, политеизмнің бір түрі – генотеизм – адамдардың әртүрлі қауымы көп құдайлардың бар екенін мойындай отырып, өзінің тікелей қамқоршысы ретінде көп құдайдың ішінен тек біреуін санап, соған табынуы пайда болады. Бұл жерден монотеизмге дейін бір ғана қадам қалады (Борбасова, 2014:13).

Діни идеологияның ежелгі мифологиялық символизм негізіндегі дамуы барысында әлемдік діндерге тән рәміздердің жасанды жиынтығы қалыптасты. Оларды теология мен шіркеу өздерінің діни ілімдерін басқа дін өкілдерінен құпия ұстап, құбылыстың нақты мәнін жасыру үшін ойлап тапқан. Басқалай айтқанда, символдың «екінші рет дүниеге келуі» сол кездегі дін өкілдерінің саналы түрдегі танымдық ұстанымдарынан туындады. Олар әлеуметтік мүдделермен қатар, конфессионалдық мүдделерді қорғады. Бұл мәселені христиан дінінің мысалында қарастыруға болады.

Библияның символдық түсіндірмесі о бастан теологиялық қызметті атқарды. Өйткені, дін өкілдеріне «шын мәнінде мифтік-шығармашылық ой-қиялдың туындауы көрініс тауып тұрған жерде сырлы ақиқат орын алғандай көзбояшылық жасауға» мүмкіндік туғызды (Кривелев, 1982:243). Орта ғасырлық түсініктерге сәйкес уаһилер әрқашан сырлы болады, яғни қасиетті жазба әр уақытта көп мағыналы, символдық мәнге толы, құпиялы және жұмбақ болып келеді. Көптеген христиандық символдардың түп-тамыры Библияның түсіндірмесінде жатыр. Алғашқы діни символ жасаушылардың бірі Филон Александрийский (б.з.д. I – б.з. I ғ.) болды, ол Көне өсиеттің көптеген бейнелері мен кейіпкерлерін символдарға айналдырған. Мысалы, Адам – ақылдың, Ева – сезімнің, Иаков – аскетизмнің, Авраам – ғылымның, Исаак – игіліктің символы болса (Косидовский, 1981:69), жұмаққа кірер жолдағы херувимнің қолындағы отты қылыш Логосты, Ефрат өзені – әділ сотты білдереді. Басқаша түсіндірмелерде Адам, Ева, Жылан жанның үш түрі – ақылдың, өмірдің және тәннің символдары ретінде беріледі (Кривелев, 1982:213-214).

Библияның символдық түсіндірмесін ерте христиандық философтар қоршаған орта-

ның барлық құбылыстарына таңды. Осы үрдіс орта ғасырлардағы шіркеудің үстемдігі жағдайында «құдайлық уаһи» кітабына айналды, онда әрбір өмірде болып жатқан шынайы құбылысқа символдық түсіндірмесі берілді. Осы ерекшеліктерді орта ғасырлық мәдениетті зерттеген көптеген ғалымдар атап өтеді. Айталық, академик Д.С. Лихачевтің пікірінше, «орта ғасырлар бүкіл әлемді күрделі символдармен шармап тастады, онда барлығы біртұтас априорлы жүйеге байланыстырылған» (Лихачев, 1979:163). В.В. Бычков ерте христиандарға тән «материалдық формалар әлеміндегі рухани шынайылықтың жаһандық символдық көрініс беруінің дүниетанымдық идеясын» жан-жақты талдайды (Бычков, 1981:246-284). Г.Г. Майоров қасиетті жазбаның символдығы патристиканың және де бүкіл ортағасырлық философияның пайда болуының, сондай-ақ, тарихи диалектика тұрғысынан алғанда діннің өзінің өмір сүруінің шарты болды деп есептейді (Майоров, 1979:11).

Көріп отырғанымыздай, христиандық символиканың қалыптасуында Библия символизмінің рөлі ерекше болып табылады. Дегенмен, діни символдардың «екінші қабатының» («бұқаралық» немесе «халықтық» символ) басты көзін ежелгі мифологиялық пред-символдар құрайды. Діни рәміздер эволюциясының бұл екінші сатысындағы символдарды – прасимволдар деп атаймыз. Осындай қорытындыларды шетелдік ғалымдардың да пікірлерінен көруге болады. Мәселен, Э.Кассирер көлемді материалдарды зерттей келе, христиандықта мифтік-пұтқа табынушылық наным-сенімен байланысты болмайтын бірде-бір символ жоқ деген қорытындыға келеді (Кассирер, 1998:73). Орыстың діни философы А.С. Уваров христиандардың ежелгі символдарды кеңінен қолдануын олардың тез арада жаңасын жасауға мүмкіндіктерінің болмағандығымен түсіндіреді. Өйткені, символдар ғасырлар бойы қалыптасатын еді. Бұл тұжырым А.С. Уваровтың (Уваров, 2013) зерттеулерінде символдарды шеттен алу критерийлерін түсіндірумен толықтырылған: яғни, христиандық ілім түсініктеріне символдық формаларды қолдану қолайлы болды, осы қажеттіліктерден кейін символдар дами бастады. Мысалы, кеме – жердегі өмірдің, өмір ағысының көне символы, яғни мәңгілік өмірдің христиандық символына, ал кейінірек – шіркеу символына айналды.

Христиандық символиканы зерттеген француздық ғалым А. Мальвер (Мальвер, 1925:28-33) құдай символы формасының кресттегі күн

дискісінен (оттың ежелгі символы) бастап адам қолы, кеудесі және адам мүсініне дейінгі эволюциясын жан-жақты талдайды. Осы ретте, құдайдың антропоморфтық бейнесін шіркеудің көпке дейін қабылдамай келгендігін атап өткен жөн. Кезінде Э. Косидовский жалаңаш бозбала түрінде жасалып (Микеланджело Буонарроти), римдік Санта-Мария шіркеуіне қойылған И. Христостың мүсіні дінбасылар арасында үлкен наразылық туғызғандығын баяндаған болатын. Алайда кейін бұл статуя бұқара арасында кең танылды және маңызды діни символға айналды (Косидовский, 1981:145).

Осы Иса Пайғамбардың айқышқа шегеленуінің өзі христиан дінінің бағыттарында түрліше рәмізделеді. Айталық, айқышқа шегелеу көрінісі батыстық (католиктік) және шығыстық (православиелік) шіркеулерде әртүрлі бейнеленеді. Католик дінінде айқышқа шегелеу көрінісі нақты тарихи, шынайы түрде беріледі. Одан Исаның қолдарының салбырап, азапталып, айқышқа шегеленіп өлтірілгендігін көруге болады. XV ғасырдан бастап Еуропада осы көрініс суреттелген әулие Бригитта Шведскаяның аян-көріністері (www.wdl.org) тарайды. Аян бойынша «...Ол жан тапсырғанда, аузы ашылып, сол жердегі адамдар оның тілін, тістерін аузынан аққан қанын көрді. Көздері аларып кетті. Тізелері бір жаққа қисайып, шегемен қағылған табандары майысып, аяқтары буынынан шығып кеткендей болды... Қарысып қисайған саусақтары мен қолдары жайылып қалды...». Осы көріністі суретші Грюнвельд өзінің «Распятие» аталған атақты картинасында барынша сипаттады.

Ал Иса Пайғамбардың осы айқышқа шегеленуінің ежелгі орыстық бейнесі ұстамды, тіпті сезімдерді білдіруі жағынан өте жұпыны болып келеді. Христос Тірі, өлгеннен кейін Қайта тірілген күйде берілумен қатар, Құтқарушы және Құдіреті шексіз бейнесінде бейнеленген. Христос – Даңқ Патшасы, Христос – Жеңімпаз ретінде өзінің құшағына бүкіл әлемді шақырып тұрғандай. Сондықтан Иисус айқыштаудың православтық үлгісінде ашық алақанымен бейнеленген. Бұл ретте, XVII ғасырдың басына қарай батыстан келген католиктік айқыштау үлгісінің сюжеттік мотивтері қызу талқыға түсіп, кейін айыпталған болатын. Католиктік айқыштаудың тағы бір айырмашылығы – Құтқарушының табандарының айқастырылып, бір шегемен қағылуында. Ал православтық айқыштауда әр аяқ бөлек шегеленген. Сонымен, егер Христос төрт шегенің орнына үш шегемен айқышталған болса, онда алдыңызда католиктік айқыштау

үлгісінің тұрғандығын сеніммен айтуға болады (<http://nesusvet.narod.ru>). Христиандық символикаға байланысты осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Орта ғасырларда шіркеу және дін қызметкерлері дінге сенушілер арасында өздерінің ықпалын күшейту үшін халықтың рухани жетістіктеріне жүгінуге мәжбүр болды. Христиандықтың қалыптасу кезеңінде де осылай болды: теологтар діни тәжірибеде ежелгі мифологиялық символдар мен бейнелерді қолдана отырып, оларды саналы түрде трансформациялады, жаңа идеялық мазмұн беріп, қызметі мен бағытын өзгертті. Бұл біздің қазіргі түсінігіміздегі діни символдардың қалыптасу үдерісі болатын.

Жоғарыдағы ойымызды жалғастырсақ, дін теоретиктері дінге сенушілердің қалың бұқарасының көңіл-күйі және талап-тілектерімен санасуға мәжбүр болды, әйтпесе қоғамның қабылдауынсыз әрі рұқсатынсыз рәмізделу мүмкін емес еді. Мысалы, И. Христостың символы болған крест халық арасында тек УІ ғасырда, яғни айқышқа шегелеп өлім жазасына кесу жойылғаннан кейін жүз жылдан соң ғана таралғандығы кездейсоқ емес-тін. Бұл уақытқа дейін кресттің баскесердің құралы ретіндегі бейнесі халық жадынан өшіп, үрей туғызудан қалды (Косидовский, 1981:215).

Ежелгі символдардың өміршендігін, олардың «екінші қабат» символдарымен (прасимвол) бір қатарда діни санада сақталу себептерін осы көзқарас тұрғысынан түсіндіруге болады. Қоғамдық психология деңгейінде христиандық және пұтқа табыну наным-сенімдерінің жаңа бір жиынтыққа бірігуі жүреді. Олай болса, өзінің белгілерімен құдайға айналған абстрактылы адамды білдіретін теологиялық символдар табиғаттың антропоморфизациясын рәміздейтін (негізінен құнарлылық символдарымен) көне формалармен астасып, араласады (Мифы народов мира, 2000:368-370). Ғасырлар бойы құнарлылық символдарының қайнар көзі егіншілікпен байланысты табиғатты ұжымдық бақылау тәжірибесі мен бүкіл халық тұрмысы болды. Кеңестік әдебиетте оларды халықтық символдар деп атады.

Феодализм дәуірінде халықтық символдар славяндардың күнтізбелік символикасында басым болды, олар христиандық діни мейрамдармен байланысты еді. Мәселен, адамның ағашқа айналуы жөніндегі көне түсініктер украиндық «көк святкалардың» (семика) түрлі өсімдік символдарында көрініс тапты: терек – жас казактың,

батылдықтың, қуаныштың символы; қызылтал (верба) – жесір әйелдің қайғылы өмірінің символы және т.б. (Курочкин, 1982: 142-144, 158). Осы ретте, дін өкілдерінің барлық күш-жігеріне қарамастан, табиғи күштерге табыну өзінің өміршеңдігін көрсетті және шіркеуді ымыраға келуге мәжбүрледі. Осыдан, шіркеудің жанында өсіп тұрған ағаштың алдында тұрып Христосқа сыйыну, сондай-ақ христиандық мерекелер кезінде шіркеуге қайың мен қызылтал бұтақтарын әкелу салты пайда болды.

Тағы бір мысал келтірсек, славяндарда кең таралған ғұрыптық өлеңдердің (колядка, шедровка) шіркеулік және халықтық репертуарлары өзара астасып жатыр. Халық шығармашылығының бұл ежелгі түрі егіншілік әдет-ғұрыптарымен тығыз байланысты. Христиандық шіркеудің құнарлылықтың діни символдарын жою үшін жүргізген көпғасырлық күресі нәтижесіз болған тұста, шіркеулік ғұрыптық өлеңдер, яғни евангелік тақырыпқа арналған өлең шумақтары енгізіле бастады. Айталық, батысславяндық дәстүрде қожайындарға арнап інжілдік тақырыптағы діни, яғни «салмақты» («мырзалық») өлеңдер, ал балалар үшін – поэтикалық символдар мен тұрмыстық сюжеттер басым болған халықтық өлеңдер орындау тәжірибесі қалыптасқан. Бұл дәстүрді дінбасылары қолдап отырды (Виноградова, 1982:39).

Дін өкілдері халықтың жадына терең сіңіп, орнығып қалған табиғат құбылыстарына құлшылық етудің көне символдарын христиандық ілімге кіріктіру бағытында әулиелерге табынуды шебер пайдаланды. Өйткені, халық бұқарасына түсініксіз әрі жат теологиялық абстракциялар қабылданбады. Сондықтан, үгіт-насихат нәтижесінде евангелік әулиелер халық қорғаушыларына айналдырылды. Бұл ретте, нақты бір әулиеге жерді өңдеу мен астық өсірудің барлық кезеңдері бекітілді. Осылайша, теологиялық символдардың жаңа формалары, яғни егіншілік пен мал шаруашылығына қамқоршы пір образдары – қарапайым еңбекшіге жақын әрі түсінікті болды. Теологиялық символдар формасының эволюциясы кейде символданатын мазмұнның трансформациясымен қатар жүрді. Мәселен, ауылшаруашылығы науқанының жауапты кезеңінің өзіндік символы Ильин күні болды. Бұл күн көптеген ескі діни сенімдер мен ғұрыптардан тұрды. Зерттеушілер інжілдік Илья пайғамбардың халық түсінігінде жер өңдеуші, жаңбыр әкелуші, найзағайды ойнатушы, емші, т.б. ретінде от пен найзағайдың,

құнарлылық пен егіншіліктің символы болғандығын атап өтеді (Макашина, 1982:89-98).

Басқа халықтардағы сияқты, қазақтарда да нақты еңбек қызметі ежелгі заманнан бастап әр түрлі нанымдар мен әдет-ғұрыптарға тығыз байланысты болған. Жылқыға – Қамбар ата немесе Жылқышы ата, қойға – Шопан ата, түйеге – Ойсылқара, сиырға – Зеңгі баба, ешкіге – Сексек ата қамқоршы деп саналған. Қазақстанның оңтүстіктегі егіншілік аудандарында егіншілік пен егіншілердің қамқоршысы деп Дихан баба құрметтелген. Қыдыр пайғамбар алуан түрлі игілік, молшылық, байлық, бақыт әкелуші деп саналған (Қазақстан тарихы, 1998:249; Салт-дәстүр сөйлейді, 2017:234-239).

Осылайша, пұт құдайларын алмастырған христиандық әулиелер халықтық әулиелер деңгейіне көтерілді. Бұл ретте, халықтық күнтізбелік символиканың православтық шіркеулік күнтізбе символизмінің орнын басуы жөніндегі ой-түйіндердің шіркеулік күнтізбе мен егіншілік және кәсіпшілік еңбегінің ежелгі жылдық циклінің, сондай-ақ метеорологиялық, фенологиялық бақылаулар мен белгілерінің тарихи өзара байланысы мәселесін шешуде үлкен маңызы бар екендігін атап өткен жөн.

Сонымен, ресми христиандық әулиелерге қарама-қарсы тұрған халықтық әулиелер, шіркеудің оларды халық жадынан өшіруге тырысуына қарамастан, адамның табиғатпен ежелгі байланысының, халықтық дәстүрлердің символы болып қалды. Әулиелердің өмірін баяндауларда евангелік символдармен қатар халықтық образдар мен символдардың табылғандығын зерттеушілер атап өтеді (Гуревич, 1981:9-33).

Христиандық пен пұтқа табынушылықтың өзіндік синтезін шіркеу жан-жақты күресіп баққан карнавалдық мерекелердің түрлі символикасы да айғақтайды деген М.М. Бахтин (Бахтин, 1979:143-149), А.Я. Гуревич және басқа авторлардың пікірлерімен келісуге болады.

Шіркеулік идеология мен христиандыққа дейінгі халықтық мәдениеттің өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретіндегі «халықтық христиандық» туралы сөз қозғағанда, мұндай құбылыстың аталмыш конфессияға ғана тән болмағандығын атап өткен жөн. Буддизмді зерттеушілер де «халықтық буддизм» түсінігін пайдаланады. Олар оны халық бұқарасының санасына сіңген және буддистік дүниетанымның ең жоғары деңгейінен тәуелсіз өмір сүретін діни ілімдер негіздерін сипаттау үшін қолданады. Символдар контаминациясының түрлі деңгейі мысалы, сингалдардың (Шри-Ланка халқы –

Ж.М.) халықтық ойындарында көрініс тапқан. Түрлі символдық бұйымдар қолданылатын бұл ойындар қамқоршы-құдайларға құлшылық етумен байланысты. Бірақ олардың шығу тегі аталған діни дәстүрлерден тым ерте кезеңде жатыр. Сонымен бірге, бұл ойынның қазіргі діни жоралғысына теологиялық буддистік символдар (Бо ағашы және т.б.) енгізілген. Буддистік «пєрахаєра» мерекесіне де осы жағдай тән. Бұның барлығы синкреттелген құбылыс және олардың тамыры тереңде жатыр (Краснодембская, 1982:103, 142-163, 191).

Осындай өзгерістер қазақ халқы ұстанатын ислам дініне де тән. Ертеден қазақ халқы мұсылман дінімен қатар тәңірлік, аруақ, табиғаттың тылсым күштеріне табыну, шамандық әрекет, т.б. діни сенім жүйелерін ұстанды, олардың діни рәсімдері мен жоралғыларын орындады. Олардың барлығы қазіргі таңда ислам дінімен астасып кеткен. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына да енген. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ халқында көшпелі өмір және ұлттық болмыс пен діни санаға негізделген өзіндік «қазақы ислам» діні орныққан деп айтуға толық негіз бар.

Сонымен, жоғарыда айтылғандар ежелгі мифологиялық және теологиялық символдардың қатар өмір сүргендігі мен олардың діни санада астасып, бірігуін діни символ эволюциясының заңдылығы ретінде тануға болатындығын дәлелдейді.

Осылайша, қоғамдық психология деңгейінде стихиялы түрде мифологиялық символдар пайда болады, кейін олар діни идеология деңгейінде екінші мағыналық мазмұнға ие болады. Осы сатыда дін өкілдері оларды діни сенімнің конфессионалдық ерекшеліктеріне сәйкес мистикалық сипат бере отырып мақсатты түрде қолданады және түсіндіреді. Ақырында символдар үйреншікті діни санаға қайтып келеді, онда ақиқат ретінде танылып, дәстүр және шіркеудің беделімен пысықталады. Дегенмен, қалыптасқан үрдіс бойынша ежелгі діни түсінік және сенімдермен байланысын сақтап қалады.

Бұл ретте, үйреншікті сана деңгейіне қарағанда теология саласында символдық формалардың эволюциясы айтарлықтай жедел жүреді. Өзінің консерватизмімен ерекшеленетін халықтық дін көне символдарын ғасырлар бойы сақтай алады. Көптеген зерттеушілер діни сананың осы бір деңгейін халық бұқарасының рухани мәдениетімен тығыз байланысты болған «көне қабат» (Гуревич, 1981:344, Курочкин, 1982:139, Рыбаков, 1981:357) деп атады. Осыған

байланысты А.Я. Гуревичтің «мәдени-тарихи процесінің өзге нұсқасы» жөніндегі гипотезасы қызығушылық тудырады. Бұл гипотеза ежелгі және орта ғасырлық мәдениетте қарқынды дараланған феномендерге қарама-қарсы тұрақты, «уақыттан тыс» құрылымдарды сақтау туралы болды (Гуревич, 1981:345).

А.Я. Гуревичтің бұл тұжырымдамасы біз айттып отырған халықтық символдардың жасанды (теологиялық) символдарға қарағанда өміршең болатындығы жөніндегі пайымдауларымызды дәлелдейді. Алғашқы қауымдық дәуірде стихиялы пайда болған прасимволдар уақыт өте халықтық символдарға айналады және «уақыттан тыс» өмір сүреді, яғни жана символдармен қатар өмір сүре немесе тарих тезінің ықпалымен жартылай өзгерістерге ұшырай отыра халық жадында ғасырлар бойы сақталып қалады. «Уақытпен шектелмеген» символдық формалар – бұл ежелгі символдардың әлеуметтенуінің нәтижесі. Басқалай айтсақ, халықтың санасына сіңген белгілі-бір символдар ғана өміршең болады, ал қалғандары халық жадынан өшіп, ұмытылады. Кейінгі дәуірлерде пайда болып, қоғамдық қолдау таппаған жасанды символ түрлері де өміршең болмады. Символдардың тарихи дамуының заңдылығы осында.

### Қорытынды

Сонымен, діни рәміздердің эволюциясының негізгі үрдістерін қарастыра келе бірқатар қорытындылар жасауға болады. Біріншіден, діни рәміздер өзінің эволюциялық даму тарихында бірнеше кезеңдерден өтті. Алдымен архаикалық сананың бастапқы сатысында табиғаттың тылсым күштерінің кейіптеліп, бейнеленуі нәтижесінде рәміздің алғышарты және бастапқы формасы ретінде рәмізалды рәміз (пред-символ) қалыптасты. Уақыт өте келе алғашқы адамдардың қоршаған орта туралы түсініктері күрделене түсті. Ежелгі мифологиялық бейнелер біртіндеп зооморфтық сипатынан айырылып, құдайлар мен аруақтардың антропоморфты бейнелеріне айналды. Тылсым күштер образдарының қалыптасуы дүниенің шынайы және адам санасынан тыс дүние болып бөлінуіне алып келді. Бұдан былай пұтқа құрбандық шалу басталды. Сәйкесінше, мифологияның діни жағы дамыды. Бұл үдерістер діни символдардың «екінші қабатының» (прасимвол) қалыптасуына алып келді.

Егер рәміздің қалыптасу тарихының бірінші кезеңі (пред-символ) табиғаттың тыл-



сым күштерінің санада бейнеленіп, оған жан бітіріліп, кейіптелуі болса, яғни белгісіз формадан санада бейнелену арқылы образға еніп (бір формадан, екінші формаға өтуі), сезілетін болса, рәміз дамуының екінші сатысында (прасимвол) осы бейнелердің біршама нақтыланып, ою-өрнектерде, жоралғыларды, яғни фольклорда көрініс тапты. Рәміз дамуының екінші сатысында рәміз дамуының бірінші сатысының рудименттері сақталып, жалғасын тапты. Яғни, рәміз дамуының екінші сатысы (прасимвол) қазіргі біздің түсінігіміздегі рәміздің тұрпайы түрі болды.

Қазіргі біздің түсінігіміздегі діни символдар орта ғасырларда шіркеу мен дін қызметкерлерінің ежелгі символдар (предсимвол) мен «халықтық символдарды» (прасимвол) заман талабына сай, өз мүдделеріне сәйкес икемдеп, трансформациялауының нәтижесінде қалыптасты. Бірақ бұл өзгерістер түбегейлі, көлемді болды деп айта алмаймыз. Дін өкілдерінің өзі әлсін-әлсін халықтың үйреншікті діни санасына, рухани құндылықтарына қайта оралып отырды. Олай болмаған жағдайда жасанды символдарды халық бұқарасы қабылдамады. Сонымен қазіргі діни символдар бұл ежелгі символдар мен халықтық символдардың жиынтығы, синтезі деуге толық негіз бар. Бұл ретте, діни символиканы материалдық, сөздік және бейнелеу таңбасының құрайтындығын ескерген жөн. Біз айтып отырған діни символдардың мазмұндық, формалық өзгерістерінің барлығы осы үшеуін де қамтыды.

Екіншіден, діни рәміздердің эволюциясына, олардың мазмұндық және формалық өзгерістеріне ежелгі дәуірдегі, орта ғасырлардағы және жаңа замандағы саяси оқиғалар, рухани және мәдени өмірдегі өзгерістер мен жаңашылдықтар ықпал етті. Діни рәміздердің табиғаты жағынан өзгеруге қабілеттілігін де ескерген жөн. Біз атап отырған тарихи дәуірлердегі мәдениеттердің өзара ықпалдастығы, рухани өмірдің өзара сабақтастығы діни рәміздердің мазмұнына өзіндік із қалдырды. Қазіргі діни рәміздердің қалыптасуы мен оның эволюциясына әсіресе орта ғасырлар кезеңі ерекше ықпал етті. Орта ғасырларда дәстүрлі діни жүйелердегі діни рәміздер орныға бастады. Себебі орта ғасырларда халық бұқарасы діндарлығымен ерекшеленді. Батыста католиктік шіркеу қуатты феодалдық институт болып табылды. Шіркеу мемлекеттің көмегімен жылдам байыды және қоғамда ықпалы артты. Бұл кезеңде шіркеулік иерархия, яғни дін өкілдерінің рангілерге бөлінуі қалыптасты. Дін өкілдері христиандық ілім жүйесін жетілдірді, құлшылық ету және т.б. тәртіптерін орнатты. Христиан діні және католиктік шіркеудің қызметкерлері антикалық өркениеттер мен дәстүрлердің берілуінде маңызды роль атқарды. Антикалық кезеңмен салыстырғанда орта ғасырлардағы таным жүйесі мүлдем өзгеше болды. Дамыған діни ілімдер – иудаизм, христиандық, мұсылмандық, буддизм позициясының нығаюы адамзаттың танымның рационалдық методологиясынан иррационалдық діни әдістеріне өтуіне алып келді.

#### Әдебиеттер

- М.М. Бахтин Проблемы поэтики Достоевского. 4-е изд. 11. – М.: Советская Россия, 1979.-320 с.  
 Қ. Борбасова Діндер тарихы: оқу-әдістемелік құралы / Қ. Борбасова. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 150 б.  
 В.В. Бычков Эстетика поздней античности. – М.: Наука, 1981.-325 с.  
 Л.Н. Виноградова Зимняя календарная поэзия западных и восточных славян (Генезис и типология колядования). – М.: Наука, 1982. – 256 с.  
 Г.Г. Гадамер Актуальность прекрасного. М., 1991.  
 А.Я. Гуревич Проблемы средневековой народной культуры. – М.: Искусство, 1981. – 782 с.  
 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 5 томдық. 2-т. – Алматы: Атамұра, 1998. – 640 б.  
 E. Cassirer The philosophy of symbolic forms. Vol.2. – New Haven: Yale univ. press: London: Oxford univ. press, 1955. – 269 p.  
 Э.Кассирер Избранное. Опыт о человеке. – М.: Гардарика, 1998. – 784 с.  
 T.A. Kenner. Symbols and Their Hidden Meanings: The Mysterious Significance and Forgotten Origins of Signs and Symbols in the Modern World. – London: Carlton Books Ltd., 2006. – 160 p.  
 З.Косидовский Сказания евангелистов. 3-е изд. – М.: Политиздат, 1981. – 262 с.  
 Н.Г. Краснодарская Традиционное мировоззрение сингалов. – М.: Наука, 1982. – 214 с.  
 И.А. Крывелев Библия: историко-критический анализ. – М.: Политиздат, 1982. – 255 с.  
 А.В. Курочкин Растительная символика календарной обрядности украинцев/Обряды и обрядовый фольклор. – М.: Наука, 1982. – 280 с.  
 Kurt Moritz Artur Goldammer Religious symbolism and iconography//www.britannica.com  
 S.K. Langer Philosophy in a new key: A study in the symbolism of reason, rite and art. – Cambridge, Mass.: Harvard univ.press, 1942. – 313 p.  
 К.Леви-Стросс Первобытное мышление. – М., 1994.

- Д.С. Лихачев Поэтика древнерусской литературы. 3-е изд. – М.: Наука, 1979. – 359 с.  
 Г.Г. Майоров Формирование средневековой философии. – М.: Мысль, 1979. – 431 с.  
 А. Мальвер Наука и религия. 2-изд. – Л.: Госиздат, 1925. – 182 с.  
 Т.С. Макашина Ильин день и Илья-пророк в народных представлениях и фольклоре восточных славян/Обряды и обрядовый фольклор. – М.: Наука, 1982. – 280 с.  
 Мифы народов мира. Энциклопедия: В 2-х т. // Гл. ред. С.А.Токарев. – М.: НИ Большая Российская энциклопедия, 2000. Т.2. – 548 с.  
 Откровения святой Бригитты Шведской // Мировая Цифровая Литература [www.wdl.org/ru/item](http://www.wdl.org/ru/item).  
 Б.А. Рыбаков Язычество древних славян. – М.: Наука, 1981. – 607 с.  
 А.Ә. Рыскиева Дәстүрлі түрік дүниетанымының рәміздік универсумы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 280 б.  
 Салт-дәстүр сөйлейді. Отбасы хрестоматиясы / Б.Бопайұлы, т.б. Алматы: Орхон, 2017.-288 б.  
 Символика Распятія // <http://nesusvet.narod.ru/ico/books/listok/cross.htm>.  
 J. Tressider Symbols and Their Meaning. Duncan Baird Publishers, 2000. – 184 p.  
 Уваров А.С. Христианская символика: Том 1 Символика древне-христианского периода / А. Уваров С.М.: Книга по Требованию, 2013. – 222 с.  
 Хайдеггер М. Исток художественного творения // Зарубежная эстетика и теория литературы XIX-XX вв. – М., 1987.  
 C.G. Jung The archetypes and the collective unconscious.- In: The collected works, vol.9, pt.1. – London: Routledge & Kegan Paul Ltd., 1959. – XI, 462 p.  
 Е.Г. Яковлев Искусство и мировые религии. – М.: Высшая школа, 1977. – 224 с.

### References

- Bakhtin M.M. Problemy poetiki Dostoyevskogo. – 4-ye izd. – М.:Sovetskaya Rossiya, 1979.-320 s.  
 Borbasova K., Dinder tarikhy: ok,u-әdistemelik kұraly /K.,Borbasova. -Almaty:K,azak, universiteti,2014.-150b.  
 Bychkov V.V. Estetika pozdney antichnosti.-M.:Nauka,1981.-325 s.  
 Vinogradova L.N. Zimnyaya kalendarnaya poeziya zapadnykh i vostochnykh slavyan (Genesis i tipologiya kolyadovaniya).- M.:Nauka,1982.-256 s.  
 Gadamer G.G. Aktual'nost' prekrasnogo. M., 1991.  
 Gurevich A.YA. Problemy srednevekovoy narodnoy kul'tury. – М.: Iskusstvo, 1981.-782 s.  
 K,azak,stan tarikhy (kөne zamannan byginge deyin). 5 tomдық., 2-t. – Almaty: Atamұra, 1998.-640 b.  
 Kassirer Ye. Filosofiya simvolicheskikh form. T.2. – N'yu-Kheyven: Vale univ. press: London: Oksfordskiy univ. pressa, 1955.-269 s.  
 Kassirer E. Izbrannoye. Opyt o cheloveke. M.: Gardarika, 1998.-784 s.  
 T.A. Kenner. Simvoly i ikh skrytyye smysly: zagadochnoye znachenije i zabytoye proiskhozhdenije znakov i simvolov v sovremennom mire. London: Carlton Books Ltd., 2006.-160 s.  
 Kosidovskiy Z. Skazaniya yevangelistov. – 3-ye izd. – М.: Politizdat, 1981.-262 s.  
 Krasnodembskaya N.G. Traditsionnoye mirovozzrenije singalov. M.: Nauka, 1982.-214 s.  
 Kryvelev I.A. Bibliya: istoriko-kriticheskij analiz. – М.: Politizdat, 1982.-255 s.  
 Kurochkin A.V. Rastitel'naya simbolika kalendarnoy obryadnosti ukraintsev/Obryady i obryadovyy fol'klor.- M.:Nauka,1982.-280 s.  
 Kurt Morits Artur Goldkhammer Religioznyy simbolizm i ikonografiya //www.britannica.com  
 Langer S.K. Filosofiya v novom klyuche: issledovaniye v simbolizme razuma, obryada i iskusstva. –Kembriдж, Massachusetts: Kharvik univ.press,1942.-313 s.  
 Levi-Stross K. Pervobytnoye myshleniye. M., 1994.  
 Likhachev D.S. Poetika drevnerusskoy literatury. – 3-ye izd. – М.: Nauka, 1979.-359 s.  
 Mayorov G.G. Formirovaniye srednevekovoy filosofii. – М.: Mysl', 1979.-431 s.  
 Mal'ver A. Nauka i religiya. – 2-izd. L.: Gosizdat, 1925. – 182 s.  
 Makashina T.S. Il'in den' i Il'ya-prorok v narodnykh predstavleniyakh i fol'klore vostochnykh slavyan / Obryady i obryadovyy fol'klor. – М.: Nauka, 1982.-280 s.  
 Mify narodov mira. Entsiklopediya: V 2-kh t. // Gl. red. S.A.Tokarev. – М.: NI Bol'shaya Rossiyskaya entsiklopediya, 2000. – T.2.-548 s.  
 Otkroveniya svyatoy Brigitty Shvedskoy // Mirovaya Tsifrovaya Literatura [www.wdl.org/ru/item](http://www.wdl.org/ru/item).  
 Rybakov B.A. YAzychestvo drevnikh slavyan. – М.: Nauka, 1981.-607 s.  
 Ryskiyeva A.Ә. Dәstүрлі түрік дүниетанымның рәміздік универсумы: monografiya. – Almaty: K,azak, universiteti, 2017.-280 b.  
 Salt-dәstүr sөyleydi. Otбасы khrestomatiyasы / B.Bopayұly, t.b. – Almaty: Orkhon, 2017.-288 b.  
 Simvolika Raspyatiya // <http://nesusvet.narod.ru/ico/books/listok/cross.htm>.  
 Tressider J. Simvoly i ikh znachenije. Duncan Baird Publishers, 2000. – 184p.  
 Uvarov A.S. Khristianskaya simbolika: Tom 1 Simbolika drevne-khristianskogo perioda / A. S. Uvarov – М.: Книга по Требованию, 2013. – 222 s.  
 Khaydegger M. Istok khudozhestvennogo tvoreniya // Zarubezhnaya estetika i teoriya literatury XIX-XX vv. M., 1987.  
 Jung C.G. Arkhetipy i kollektivnoye bessoznatel'noye. V: Sbornik trudov, t.9, str.1. – London: Rutledzh i Kegan Paul' Ltd., 1959.-XI, 462 s.  
 Yakovlev Ye.G. Iskusstvo i mirovyye religii. – М.: Vysshaya shkola, 1977.-224 s.